



*Осы аударма ресми аударма
болып табылмайды*

**"АСТАНА" ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯДАҒЫ СОТЫНДА**

27 маусым 2024 жыл

№: AIFC-C/CFI/2024/0020 ic

«InvestRoom Ltd» Жеке Компаниясы

Талапкер

қарсы

«Et product» ЖШС,

Жауапкер

Еркенай Маханов мырза,

Жауапкер

Олжас Қапизов мырза

Жауапкер

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

**Сот Судьясы:
Мәртебелі Лорд Фолкс КС**



ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

1. 2024 жылғы 26 маусымдағы талап арыз нысанына сәйкес Талапкер осы соттан 2024 жылғы 14 сәуірдегі Халықаралық Төрелік Орталығының төрағасы Томас Крюммель мырзаның № 31/2023 ХТО ісі бойынша 2023 жылғы 3 қазандағы хатымен тағайындалған жеке дара төреші Сергей Ватаевтың жасаған ХТО шешімінің VIII тармағы бойынша қойылған шараларды тану және орындау туралы бұйрық беру жөніндегі өтінішпен сотқа жүгінді.
2. Төрелік шешімімен танысқаннан кейін, мен арыз негізделген деген пікірге келдім. Осы арқылы БҰЙЫРАМЫН:

Жауапкер – «Et product» ЖШС -інен Талапкер – InvestRoom Ltd Жеке Компаниясының пайдасына келесі сомаларды өндіруді: KZT 12 030 800 (он екі миллион отыз мың сегіз жүз), соның ішінде:
 - KZT 5 000 000, Қарыз шарт-1 бойынша өтелмеген негізгі қарыз;
 - KZT 6 000 000, Қарыз шарт-2 бойынша өтелмеген негізгі қарыз;
 - KZT 500 000, Қарыз шарт-1 бойынша айыппұл;
 - KZT 250 000, Қарыз шарт-1 бойынша айыппұл;
 - KZT 280 800, төрелік іс-шараларға байланысты шығындарды өтеме ретінде.
3. Талапкерлерге осы Бұйрық берілген сәттен бастап 14 күннің ішінде осы Бұйрықтың күшін жою туралы арыз беру құқығы беріледі.
4. Бұл бұйрық, қайсысы кейінірек орын алатынына қарай, (a) жоғарыда 3-тармақта көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін немесе (b) талапкердің осы мерзім ішінде берілген кез-келген арызы түпкілікті қанағаттандырылғанға дейін орындалмайды.

Сот қабылдады,

Мәртебелі Лорд Фолкс КС
Судья, АХҚО соты



Өкілдік:

Талапкердің атынан KazBar заң консультанттар палатасы Нұрсұлтан Әлиев өкілдік етті.

Жауапкерлер атынан өкілдік етілген жоқ.